ISSN 2788-7979 (online)

ҒТАМР 17.71.07 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp313-327

***Б.П. Нарбек**[1], **Г.С. Сағынадин**[2]
[1]Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, Астана, 010000, Қазақстан

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРИЗМНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмнің типологиясы қарастырылады. Зерттеу материалы ретінде «Қырық мысал», «Маса» жинақтары және «Қожа Насреддин ақылы», «Малшы мен маса», «Оқуға шақыру», «Қазақ қалпы» сияқты мәтіндер алынды. Зерттеудің мақсаты – Ахмет шығармаларындағы фольклоризмнің кездейсоқ құбылыс емес, белгілі бір көркемдік жүйемен көрінетінін анықтау. Жұмыста салыстырмалы-типологиялық, интертекстуалдық, құрылымдық-семиотикалық және герменевтикалық әдістер қолданылды.Талдау нәтижесінде фольклоризмнің бес түрі айқындалды: жанрлық, сюжеттік-мотивтік, образдық-символдық, стильдік-поэтикалық және дүниетанымдық. Жанрлық деңгейде «Қырық мысал» халықтық ғибратты әңгіме мен мысал үлгісіне, ал «Маса» толғау, терме, насихат өлең дәстүріне сүйенетіні дәлелденді. Сюжеттік-мотивтік деңгейде ұйқыдағы жұрт, жасырын пәле, еңбек пен жалқаулық, білімді мен наданның арақатынасы сияқты фольклорлық мотивтердің ұлттық ояну идеясымен сабақтасатыны көрсетілді. Образдық-символдық деңгейде маса, малшы, жылан, қаз, ұйқы, түн, жол, ел-жұрт тәрізді бейнелердің Алаш дәуірінің көркем символдарына айналғаны анықталды. Стильдік-поэтикалық талдау анафора, эпифора, параллелизм, қайталама, градация сияқты тәсілдердің халықтық жырлау дәстүрімен байланысын көрсетті. Зерттеу нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризм ұлттық дүниетаным мен көркем поэтиканы тоғыстыратын көпқабатты жүйе екені тұжырымдалды.

Кілт сөздер: фольклоризм, жанр, ахметтану, типология, ауыз әдебиеті.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризм кездейсоқ қолданыс емес, автор поэтикасының ішкі құрылымын ұйымдастыратын жүйелі көркемдік құбылыс болып табылады. «Қырық мысал» мен «Маса» жинақтарында фольклоризм жанрлық, сюжеттік-мотивтік, образдық-символдық, стильдік-поэтикалық және дүниетанымдық деңгейлерде көрінеді. «Қырық мысалдағы» мысал жанры, ғибратты түйін, мақал-мәтелге жақын афористикалық құрылымдар халықтық дидактика дәстүрімен сабақтасып, әлеуметтік ойды астарлап жеткізудің тиімді тәсіліне айналған. «Маса» жинағындағы азаматтық лирика, насихаттық өлеңдер мен шағын прозалық мәтіндер толғау, терме, зар заман поэзиясының интонациялық және стильдік белгілерін жаңғыртып, жазба мәтінді ауызша поэзия дәстүріне жақындатады. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы маса, малшы, жылан, қаз, ұйқы, түн, жол, ел-жұрт тәрізді бейнелер фольклорлық негізін сақтай отырып, Алаш дәуірінің рухани-әлеуметтік ахуалын танытатын символдарға айналады. Фольклоризмнің дүниетанымдық қабаты ар, намыс, елдік, ата-баба аруағы, жол сияқты дәстүрлі ұғымдар арқылы жүзеге асып, автордың ағартушылық және ұлттық ояну идеясын халықтық құндылықтар жүйесімен сабақтастырады.

ISSN 2788-7979 (online)

КІРІСПЕ

Ахмет Байтұрсынұлы – жиырмасыншы ғасыр басында қазақ руханиятының бағытын бағдарлаған, қазақ тіл ғылымы мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаған, ұлттық төл жазу мен әдеби тілді қалыптастырушы. Ахмет – оқырман үшін ақын-жазушы ретінде, сонымен қатар тілші-ғалым, публицист, ағартушы, фольклортанушы, әдебиет теоретигі, қоғам қайраткері, қазақ зиялысы ретінде өзінің үлкен жолын қалыптастырып, тарихта өз орнын екшеп қалдырған тұлға. Ғалымның қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаған, бастырып шығарған, алғаш болып жіктеген фольклортанушы екенін де атап өту маңызды.

Осы орайда А.Байтұрсынұлының халық арасында ұмыт бола жаздаған фольклор үлгілерін жинап, оны өз шығармаларында белгілі бір мақсатпен қолданғанын да тілге тиек етсек болады. Сондай-ақ, «Әдебиет танытқышында» фольклоризмді жіктеу үлгілері де назарымызға алынбақ. Дегенмен Ахмет туындыларында атап айтқанда, өлеңдер мен аудармаларында қолданған фольклор үлгілерінің типологиясы жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін де атап өтеміз. Осыған байланысты автордың поэзиялық туындылары, аударма шығармалары және ғылыми-публицистикалық жанрдағы көсемсөздері зерттеудің нысанына алынды. Мәтіндерде көрінетін фольклорлық элементтердің (жанрлық үлгілер, сюжеттер мен мотивтер, образдар мен символдар, формулалық құрылымдар, мақал-мәтелдер, дүниетанымдық концептілер) жүйесі және олардың көркемдік-поэтикалық, идеялық-мазмұндық қызметі зерттеудің пәні ретінде саналады. А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмнің типологиясын айқындап, оларды деңгей бойынша ажыратып, оның жанрлық, сюжеттік-мотивтік, образдық-символдық, стильдік және дүниетанымдық деңгейлердегі көрінісін сипаттап, әр типтің ұлттық поэтика мен автордың идеясын көрсетудегі қызметін ашуды зерттеу мақсаты еттік. Мақсатымызға сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды:

- фольклоризм ұғымының мәнін, мазмұнын аршып, А.Байтұрсынұлы шығармаларын талдау үшін қажетті негізгі теорияны көрсету;
- «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегіндегі ауыз әдебиетіне қатысты жіктеу үлгілерін талдап, ғалымның фольклор туралы ғылыми ұстанымын негіздеу;
- Автор туындыларындағы фольклорлық элементтерді, фольклорға тән бірліктерді дәйектеу;
- фольклор элементтері негізінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы фольклоризмнің типологиясын жасап, бөлінісін көрсету;
- ғалымның фольклор туралы теориялық тұжырымдары мен оның көркем-публицистикалық тәжірибесінің өзара сабақтастығын тану.

Зерттеуде ұсынылған фольклоризм типологиясы шартты емес, теориялық негізге сүйенген үлгі ретінде қарастырылады. Фольклоризмнің көркем мәтіндегі көрінісі туралы еңбектерде оның жанрлық, сюжеттік-мотивтік, образдық, стильдік және идеялық қабаттарда байқалатыны көрсетіледі. Осы ғылыми ұстанымдарды және Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» ауыз әдебиетін жіктеу принциптерін негізге ала отырып, мақалада фольклоризмнің бес түрі айқындалды: жанрлық, сюжеттік-мотивтік, образдық-символдық, стильдік-поэтикалық және дүниетанымдық. Бұл типтердің әрқайсысы мәтіндегі фольклорлық элементтің қай деңгейде қызмет атқаратынын анықтауға мүмкіндік береді. Жанрлық фольклоризм мәтіндегі жанр үлгісінен, сюжеттік-мотивтік фольклоризм оқиға мен мотив құрылымынан, образдық-символдық фольклоризм тұрақты бейне мен символдардан, стильдік-поэтикалық фольклоризм тілдік-ырғақтық өрнектерден, ал дүниетанымдық фольклоризм халықтық құндылықтар жүйесі мен ұлттық танымнан көрінеді. А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмнің алғаш реті арнайы типологиялық жүйе ретінде қарастырылуы зерттеудің жаңалығы ретінде танылмақ. Автор жазған мәтінде сюжеттік-мотивтік, жанрлық, образдық-символдық, стильдік және дүниетанымдық фольклоризмнің өзара байланыстағы типтері айқындалып, мысалдармен нақтыланып, олардың «Әдебиет танытқыштағы» ауыз әдебиетін жіктеу ұстанымдарымен сабақтастығын түйіндейміз.

ISSN 2788-7979 (online)

Жұмыстың теориялық маңызы – Байтұрсынұлы поэтикасын ұлттық фольклор дәстүрімен тұтастықта қарастыратын типологиялық үлгі ұсынуында. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне арналған жоғары оқу орындары курстарында, арнайы семинарлар мен элективті пәндерде, сондай-ақ Алаш дәуірі әдебиетін салыстырмалы тұрғыда оқыту жұмыстың практикалық маңызын айқындайды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Жұмыстың басты мәтіндік материалдары, зерттеу арқылы танылған мысалдар А.Байтұрсынұлының көркем туындыларына, аударма еңбектеріне, ғылыми зерттеу мұрасына негізделген. 1909 жылы шыққан «Қырық мысал» мен 1911 жылғы «Маса» жинақтары, «Әдебиет танытқыш» трактатының «Ауыз әдебиеті» тарауы, сондай-ақ «Ер Сайын» жырының Ахмет әзірлеген нұсқасы мен 1926 жылғы «23 жоқтау» жинағының алғы сөзі мен мәтіндері басты корпусты құрамақ. Мәтіндерді соңғы жылдықтарда жарық көрген көптомдық ғылыми басылымдар мен қолданыстағы текстологиялық нұсқалардан тауып, жинақтадық.

Қосымша, көмекші материалдар А.Байтұрсынұлының ауыз әдебиетіне қатысты, фольклорға байланысты, сөз өнерінің табиғатына арнаған мақалалары мен баяндамаларынан алынған. Сондай-ақ Ахметтің фольклортанушылық қызметін зерттеген кейінгі зерттеулер де деңгейлерді ажыратуда жол сілтеді. Осы еңбектердің бәрі «Әдебиет танытқыштағы» жанрлық жүйенің ерекшеліктерін, Ахметтің фольклорды жинау, жариялау, түсіндіру тәжірибесін айқындауға сеп болғанын айтамыз.

Зерттеу жұмысы кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде А.Байтұрсынұлының шығармаларына, туындыларын талдаған ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, фольклоризм ұғымының түрлі түсіндермелеріне назар салдық. Екінші кезеңде «Әдебиет танытқыш», «Маса», «Қырық мысал», «23 жоқтау», «Ер Сайын» жинақтарынан мәтіндер іріктеу арқылы жиналып, фольклорлық көріністегі поэтикалық мәнге ие бірліктер, тілдік бірліктер (жанрлық белгілер, сюжет-мотивтер, дәстүрлі образдар, мақал-мәтелдерг формулалық қайталаулар, ұлттық дүниетанымға қатысты концептілер) танылды. Үшінші кезеңде жинақталған материалды Ахмет Байтұрсынұлының өзі негіздеген ауыз әдебиеті бөлінісі мен фольклоризмнің теориялық тұжырымдары аясында деңгейлік үлгілермен салыстыру жұмысын жасадық. Салыстыру әдісі бойынша жанрлық, сюжеттік-мотивтік, образдық-символдық, стилтдік-поэтикалық, дүниетанымдық деңгейлерді белгіледік. Соңғы кезеңде әр деңгейдің поэтикалық мәнін көрсетіп, идеялық мазмұнын ашып, нақты мәтіндер негізінде мәтіндік талдаулар көрсетілді.

Зерттеуде салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық-семиотикалық, интертекстуалдық, герменевтикалық талдау сынды бірнеше әдістерді қолданып, тұжырымдар жасадық. Салыстырмалы-типологиялық әдіс фольклорлық жанрлар мен сюжеттердің авторлық мәтіндегі көрінісін дәстүрлі үлгілермен салыстыруға мүмкіндік берді. Фольклорлық образдар мен символдардың мәтін ішіндегі қызметін құрылымдық-семиотикалық тәсіл жеткізеді. Интертекстуалдық талдау негізінде фольклорлық реминисценциялар мен цитаталарды анықталған болатын. Фольклорлық элементтердің ұлттық дүниетаным мен авторлық идеяның сабақтастығын түсіндіруге герменевтикалық әдіс көмектесті.

Зерттеуде қолданылған әдістер тек атау түрінде берілмей, нақты талдау міндеттерімен байланыстырылды. Салыстырмалы-типологиялық әдіс Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмнің бес типін айқындап, оларды ауыз әдебиеті үлгілерімен салыстыру үшін қолданылды. Интертекстуалдық талдау мәтіндегі фольклорлық мотивтер, формулалар мен дәстүрлі бейнелердің басқа халықтық үлгілермен сабақтастығын анықтауға мүмкіндік берді. Құрылымдық-семиотикалық әдіс маса, малшы, жылан, қаз, түн, жол сияқты образдардың мәтін ішіндегі символдық қызметін ашуға бағытталды. Ал герменевтикалық әдіс «ел», «жұрт», «ар», «намыс», «ата-баба аруағы», «жол» тәрізді ұғымдардың авторлық дүниетанымдағы мағынасын түсіндіруде пайдаланылды.

ISSN 2788-7979 (online)

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу нәтижелері Ахмет шығармаларында фольклоризмнің элементтері ғана емес, тұтас жүйе негізінде келетінін көрсетеді. Автордың еңбектерінде түрлі деңгейде, әртүрлі қабатта кездесетінін байқай отырып, мақалада жанрлық, сюжетті-мотивтік, образды-символдық, стилистикалық және дүниетанымдық сынды бес түрін белгіледік.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмнің ең көзге түсетін қыры – жанрлық деңгейде көрінуі деп қарастырамыз. Бұлай топшылауымыздың басты себебі, автор ауыз әдебиеті үлгілерін жалаң түрде қайталамай, дайын халықтық жанрларды өз поэтикасының қаңқасы етіп құраған. Жанрлық фольклоримзнің нақты үлгісі «Қырық мысал», «Маса» жинақтары, жоқтаулар мен ғұрыптық сөздерден көрініс табады. «Қырық мысалдың» өзі атауына сай халықтық мысал жанрына сүйенетінін байқаймыз. Сыртқы құрылымын қарағанда Ахмет Байтұрсынұлы И. Крыловтың сюжетін сақтағандай, бірақ жанрлық табиғаты тұрғысынан «Қырық мысал» кітабы қазақтың ғибратты әңгіме, мысқыл, сықақ және мақал-мәтелге жақын дидактикалық дәстүрімен тығыз байланыстылығы, негізінің бәрін түп-тамырымыздан, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілеріне жақындатып, жуықтатқаны аңғарылады. Әр мысалдың соңындағы түйінді шумақ паремиялық құрылымға жақын, қысқа да нұсқа афористік тұжырымға, сүбелі ойға ие. Яғни классикалық мысал жанрын А.Байтұрсынұлы қазақтың «аз сөзбен көп мағына айту» принципіне құрылған саяси-әлеуметтік салмағы зор жанрға айналдырды десек қателеспейміз. Жанрлық фольклоризмнің бір қыры ретінде дайын еуропалық мысал үлгісі қазақ ауыз әдебиетіндегі ғибратты сөз, мақал-мәтел, назира дәстүрімен ұштасып, жаңа ұлттық формаға көшкенін айтамыз. «Маса» жинағында жанрлық фольклоризмнің одан да айқын көрінісін бағамдауға болады. Жинақтағы Азаматтық лирика, публицистикалық өлеңдер мен шағын прозалық мәтіндер сырттай жазба әдебиеттің үлгісі секілді көрінгенімен, ішкі құрылымы толғау, терме, зар заман поэзиясына жақындайтынын таныдық. Өлеңдердің басталуы, қаратпа сөздер, «елім-ай», «қазағым» тәрізді қайталанатын синтаксистік формалар, үгіт-насихатқа құрылған риторикалық сұрақтар – бұлардың бәрі-бәрі жыраулар поэзиясы мен насихат өлеңдердің дәстүрін жаңғырту қызметінде екені айқын. «Маса» да жанрлық тұрғыдан таза лирикалық жинақ емес, фольклорлық толғау мен жазба публицистикалық поэзияның тоғысқан аралас үлгісі десек қателеспейміз. Жазбаша формада берілсе де, оның ауызша айтылатын, тыңдаушыға бағытталған мәтін екені мазмұнынан, сөз құрылымы мен айтар ойынан танылады.

Ғұрыптық фольклорға қатысы бар мәтіндер де жанрлық фольклоризмді айқын көрсетіп, өлең мәтіндерінің құрылымы осы фольклоризмнің белгілерін анықтайды. «23 жоқтау» арқылы Ахмет жоқтаудың дәстүрлі жанрлық моделін сақтаған. Жоқтау құрылымы, формулалық қайырмалар, туыстық атаулар, марқұмды мадақтау мен зарлы шағым бөліктерін тұтастай сақтап, кітап формасына көшіреді. Ғұрыптық сөздер легі автор тарапынан жаңа тарихи-көркемдік контексте ұсынылған. Мұнда автор мәтіндік корпус ретінде «ғұрып сөзі», «сарындама» сынды жанрлық түрлерді теориялық еңбегінде де қарастырды. «Әдебиет танытқышта» ол ауыз әдебиетін «сауықтама» және «сарындама» деп екі салаға бөліп, ертегі, аңыз, жұмбақ, мақал-мәтел, жоқтау, бата, тұрмыс-салт жыры сияқты жанрларды жіктеп береді. Бұл – автордың теориялық жіктеуі. Ал енді осы теориялық жіктеу оның көркем шығармашылығында жанама емес, тікелей іске асатынын былай дәлелдейміз.

«Қырық мысал» – халықтық ғибратты әңгіме мен мысал жанрының жазба нұсқасы. «Маса» – толғау, терме, насихат өлең, зар заман сарынын жалғаған азаматтық лирика. Жоқтаулар мен ғұрыптық мәтіндер – «сарындама» саласындағы ғұрып сөз жанрларын жинақтаған корпус.

Сол себепті Ахмет шығармаларындағы жанрлық фольклоризмді үш қырынан түйіндейміз. Біріншіден, ол ұлттық әдебиетке ауыз әдебиетінің дайын жанрлық үлгілерін атап айтқанда, мысал, толғау, жоқтау, ғұрыптық сөз, насихат өлеңді жаңа қырынан, жаңа сипатта енгізді. Екіншіден, бұл үлгілерді тарихи-әлеуметтік мазмұнмен толықтыра отырып, отарлық

ISSN 2788-7979 (online)

езгі, ұлттық ояну, ағартушылық идеялады жеткізетін құралға айналдыра білген.Үшіншіден, «Әдебиет танытқышта» ұсынған жанрлық теориясын өзінің көркем мәтіндері арқылы «іс жүзіндегі модель» ретінде бағдарлады.

Жанрлық фольклоризм Ахмет поэтикасындағы қарапайым фон емес. Жанрлық фольклоризмді мәтін түзуші принцип деңгейінде қызмет ететін, автор шығармалары жанрлық тұрғыдан ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің шекарасында тұрған, фольклорлық формаларға сүйенген жаңа ұлттық әдеби модель ретінде тани аламыз.

Сюжеттік-мотивтік фольклоризм деңгейін танытатын өлеңдер Ахметтің оқиғаның дамуын көрсететін туындыларында кездесті. Автор шығармашылығының көп бөлігінде оқиғаның қаңқасы ертегілерге, қағытпаларға және нәзира дәстүріне тән құрылымға сүйенетіні назар аудартқызды. Шығарманың өн бойында фольклорлық мотив болса да, алайда алға қояр мұраты жаңаша бағытта өрбиді. Бұндай ерекшеліктерді тану үшін біз Ахметтің «Маса», «Қырық мысал» жинақтарындағы шығармалар арқылы көз жеткізуге болады. Мәселен, «Малшы мен маса» өлеңін айталық.

Бір малшы көлеңкеге келіп жатып,
Қасқырдың иттеріне сеніп жатып,
Үстінде көк шалғынның, самал жерде
Тырайып қалды сабаз ұйықтап қатып [1,96].

Сюжет кәдуілгі ертегі сияқты бастау алып, фольклорлық схемамен жалғасқан. Бейғам жатқан кейіпкерге бір қауіп төніп, оған бір құтқарушының келуі, кейіпкер оның мақсатын түсінбестен оған зиян қылуы, ең соңында өкініш сезінуі секілді желі ертегілердегі сюжетке ұқсас.

Тек қазақ ертегілерінде ғана емес, жалпы қай халықтың болмасын халық ауыз әдебиетінде жамандық пен жақсылық, зұлымдық пен қайырымдылық текетіресі көрініс алады. Оқиға соңында не жақсылық орын алады, яки оқырманға сабақ болу үшін өкінішпен аяқталатын сюжеттер де бар.

«Келеді қара жылан шағайын деп
Қапысын ұйықтағанда табайын деп.
Малшыны сол уақытта Маса шақты,
Оятып, бұл бәледен қағайын деп.

Осы тұста жылан – төніп келе жатқан қауіп те, ал маса – құтқарушы қызметіндегі кішкентай жәндік. Құтқарушы кейіпкерлер фольклорлық шығармаларда үнемі жақсы кейіпкер ретінде бағалануы сирек. Олардың қадірін кеш түсіну арқылы кейіпкер өкініші білдіріледі. Өлеңдегі фольклорлық сюжетке Ахмет айрықша мағына сыйғызып, былай деп түсіндірген:

Мысалы, қазақ – Малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып жатқан.
Бәленің түрін көрген мен – Сарымаса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан [1,96].

Образдық-символдық фольклоризмді А.Байтұрсынұлы жазған шығармаларда халық дүниетанымына жақын ұғымдар мен бейнелерге қатысты кездестірдік. Халыққа үндеу жасау үшін образдарды, символдарды өлең өрнегіне енгізе отырып, бейнелі сюжеттерді құрған. Сол кезеңдегі цензура ақын-жазушылардың өз ойын ашық жеткізуге, шындықты айтуға тұсау, кедергі болғаны рас. Осы себепті, қаламгерлер ашық тәсілдің орнына образ бен символдар арқылы астарлы мәнде жеткізді. Бұндай тәсілдің бастауы – фольклорлық туындылар. Ертегілер мен батырлық жырларда кейіпкерлердің бейнесі халық қиялынан туындаған мағынадан бөлек, рухани-саяси жүк те арқалаған. А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы образ бен символға құрылған «Маса» өлеңінде орталық бейне – маса. Қазақ фольклорында шыбын, маса сынды жәндіктер тыныштық бермей, мазаны алатын бейне ретінде көрінсе де, жақсы бір тұсы оятатын күш ретінде де сипат алады. Автор жалпы халыққа таныс бейнені тұтастай символға айналдырып, өлеңнің символдық қуатын арттыра түскенін аңғара аламыз.

Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса,

ISSN 2788-7979 (online)

Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен?[1,98].

Осы жолдардан не түсінуге болады? Автор масаны мақсатты түрде оқиға желісіне енгізгенін бағамдаймыз. Ахмет шығармаларындағы маса қандай жәндік?! Дәл осы өлең жолдарынан ызыңдап, ел мазасын алатын, оянбаса шағып оятатын жәндік бейнесі екенін ұғынуға болады. Ал шын өмірде, табиғатта масаның қызметі өзге, адамды оятайын деп шақпаған, ал өлең жолдарында мақсатты түрде шағатыны анық. Ұйықтап жатқан халықты ызыңымен оятқысы кеп жүрген – автордың өз бейнесі. Осы ой-тұжырымды «Маса мен малшы» өлеңімен сабақтастыра қарастырсақ, «сары маса мен» деп айтады. Бұдан шығатын түйін: Символдарға құрылған өлең екені толықтай мақұлданбақ.

Ахметтің шығармашылығында ұлттық идеяны танытатын шоқтығы биік туындысы «Қазақ қалпын» алып қарайық. «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған...» деген жолдардағы қаз жай ғана құс емес, тұтас халықтың образын беріп тұр. Жыраулар поэзиясын еске алатын болсақ, қаз символдық мәнде елдің, халықтың жай-күйін жеткізуші сипатта бейнеленеді. Автордың аталған өлеңінде де қаз образы арқылы халықтың басынан өткеріп жатқан аянышты хәлін көрсетіп, сол уақыттағы азап кешкен күйді жеткізген.

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?![1,107].

Немесе

Біздерше қаздар, бірақ, сынамады,
Оларға мұжық ісі ұнамады.
Жолыққан жолаушыға бәрі шулап,
Мұжықтың ісін айтып, кінәлады:
Бар ма екен бізден, сірә, соры қалың?!
Қожасып қуалайды мұжық жарым.
Қорлайды ұрып-соғып, ойламайды,
Мойныңда қандай міндет, қарыз барын![1,104]

Берілген шумақтағы қаздардың образы дәстүрлі фольклорда топтасып жүретін ел-жұртты білдірсе, ал мұжық отарлық озбырлықтың символын бойына жинақтатқан. Аллегориялық сипат қаздардың шуылы, жолаушыларға шағымдануы мен нақты әрекетке бармауы Алаш дәуіріндегі қазақ қоғамының «зар айтқыш, бірақ шешім қабылдауға құлықсыз» күйі іспетті көріністен аңғарылады. Ахмет жан-жануарлар мен құстар жайлы мысалдарға фольклорлық образдарды жайдан-жай енгізбеген, олардың астарында әлеуметтік-тарихи символ деңгейге көтерудің рөлі басым. Ахмет халық ауыз әдебиетіндегі образдар мен символдарды өз шығармаларында ұтымды қолдана білді деп санаймыз. Бір ғана образ жетегінде халық әдебиетіне етене жақын өлеңдерді шығарды.

Автордың тілі мен поэтикалық тәсілдер деңгейінде ауыз әдебиетіне тән сөйлеу үлгілерін, интонацияны, тұрақты тіркестерді қолдану, мақал-мәтелге ұқсас құрылымдарды пайдалану стилистикалық фольклоризмді көрсетеді. Ахмет шығармаларындағы фольклоризмдегі стильдік қабаттың өзгешелігін ырғаққа ие болуынан, жыр, терме мақамына сай келуінен, толғау, арнау сынды халыққа арнаған өлеңдерінен байқадық.

Мәселен, «Достыма хат» өлеңін алып қарайық. Сыртқы құрылысы жай ғана өлең көрінгенмен, оқыған уақытта бейне бір арнау, жоқтау сынды.

Қырағы, қия жазбас сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына іңкәрің-ай![1,108].

Берілген өлең формасы жағынан хат, яғни эпистолярлық жанр ретінде танылады. Бірақ тілі мен құрылысы толғауға ұқсап тұр. Әдетте толғау ел басына күн туғанда халықтың жайын

ISSN 2788-7979 (online)

айтып, ет-жүрегі езіліп толғайтын жыршылардың суырып салма ақындығынан туатынын ескерсек, айтыс кезінде де осындай құрылымдағы өлеңдер туатыны белгілі. Ахмет те осы мақаммен ішкі толғанысын жасыра алмай, осы өлеңді шығарған болу керек.

Ақындар өлең әсерлілігін арттыру, бояумен безендіру мақсатында сөз айшықтарының түрлі үлгілерін қолданысқа түсіреді. Төмендегі өлең жолдарында надан сөзінің бірнеше рет қайталануы да назар аудартарлық. .

Білгішсіп кей білімсіз жол айтып жүр,
Байқасақ, не оңды жол ол айтып жүр?
Халыққа надан адам басшы болып,
Халықтың надандығын молайтып жүр.
Наданға надандықпен жұрт ерген соң,
Тал түсте лақты деп соны айтып жүр [1,109].

Қайталамалардың фольклор мен поэтикалық дәстүрде көркемдік құбылыс ретіндегі қызметі ерекше. Эпостық жырлардағы бір сөз не болмаса сөз тіркесінің қайталама қолданысы – мазмұнның тұтастығы мен жырдың композициялық бірлікке түсірудің тиімді тәсілі. Ахметтің «Жауға түскеннің сөзі» деген өлеңінде «тұр» сөзін әр жолдың соңында қолданып, эпифоралық қайталау жасағанына назар салатын болсақ, көңіл қалу ұғымын ашу үшін осы әдісті қолданудың негізі ашылады. Өлең динамикасы мен құрылымында батырлар жырына немесе толғауға ұқсастық бар.

Жанға көңіл қалып тұр,
Жан бұл күйге салып тұр.
Тәнге көңіл қалып тұр,
Тән шыдамай арып тұр.
Жұртқа көңіл қалып тұр,
Жұрт жалғанға нанып тұр [1,109].

Мәтіннің әндетпе, ерекше ырғаққа ие болуы осы сықылды жол соңындағы қайталамаларға байланысты. Бұл тәсіл де батырлар жырындағы ұйқасқа, жыр соңының ырғақтылығына сәйкес. Мұндай тәсілді Ахмет өлеңдерінің халық жадында мәңгі сақталуына негіз, дүниетанымға жақын ететін тәсілдердің бірі деп санаймыз. Сонымен бірге, ақын өлеңдерінде егіздеу, дамыту тәрізді фольклорда жиі қолданысқа түсетін, тіпті тұрақты қолданатын тәсілдерді де жұмсайтынын байқадық. Мәселен, надандық пен ұйқыны халықтың соры ретінде көрсетіп, соның кесірінен «артта қалдық», кейін «қор болдық», соңында «жоғалудың алдында тұрмыз» деген деңгейде бейнелеп көрсетеді. Осылайша фольклорлық дамыту (градация) авторлық публицистикалық пафоспен бірігеді.

Дүниетанымдық фольклоризм шығарманың терең қабаттарына үңілуге әсер ететін халықтың дүниетанымымен етене байланысты. Дұрыс-бұрыс, жақсы-жаман, адалдық-зұлымдық сияқты құндылықтармен өріліп, «ел қандай болу керек?» деген түсінікке авторлық позициямен жауап қатады. Кішкентайынан халық ауыз әдебиетімен сусындап өскен қазақ баласы үшін дұрыс жол мен бұрыс жолдың өзіндік қағидалары да жоқ емес. Ахмет сонау Асан қайғыдан басталған ел, жер туралы толғауды жаңа үлгіде азаматтық борышы тұрғысынан саралап ұсынуы үлкен абыройлы іс деп бағалануы тиіс. Тіпті Асан қайғы толғауы деп теліп жүрген туындылардың Ахметтікі болып шығуы да кездейсоқтық емес.. Жалпы фольклордың өзі халықтық пәлсапамен астасып жатқандықтан, халық туралы жырлаған ақын да, жыршы да дүниетанымдық фольклорды шығармасына өзек етуі орынды. Мәселен, «Малшы мен масада» тұтас ұлттық дүниетаным, қазақы түсінік, халық фольклорының негізі жатқанын айта аламыз. Фольклорлық аллегория арқылы малшыны қалың қазақ деп белгілеп, жыланды төніп келе жатқан қауіп деп, масаны оятып жүрген зиялы қауым деп көрсету де шығарманың құндылығын арттыра түседі. Шығарманы бір оқығанда бас-аяғы бар оқиға деп қана түсіну аздық етер. Автор ол шығарманың өн бойына халықтың бар болмысын, тағдырын, өмір сүру салтын, басынан өтіп жатқан тарихын сыйғыза білді.

Мысалы, қазақ – Малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып жатқан.

ISSN 2788-7979 (online)

Бәленің түрін көрген мен – Сарымаса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан

Осы жолдарда Ахмет елдің қамын ойлайтын ер, қауіпті алдын-ала сезетін көреген деген фольклорлық түсінікті жаңа тарихи жағдайға көшіргенін аңғара аламыз. Ақынның «Маса» өлеңінде де халықтың әлемді қабылдауын ақ-қара, қараңғылық-жарық, ұйқы-ояну сияқты оппозициялық қолданыстар негізінде берген. Алаш дәуіріндегі әдебиетте ұйқы – надандық, бейқамдық, құлдыққа үйреніп кету, ал ояну – білім, өнер, намыс, ар-ожданның тірілуі деген ұғымда қолданылғаны шындық. Ертегілер мен батырлар жырында да ұйықтап қалған батырдың оянуы, көзі ашылуы деген шешуші сәттер бар. Фольклор мен алаш әдебиеті арасындағы ұқсастықтарды дәл осындай символдар аясында тануымызға болады. Ахмет осы халықтық үлгіні өз заманына сай етіп, «ояну» халықты ояту идеясын, жаңа деңгейге шығарды десек болады. «Маса» өлеңіндегі дәстүрлі оппозициялық қолданыстар ақынның «Қазақ қалпы» деген өлеңінен де орын алды. Батыр-қорқақ, берекелі ел-ыдыраған ел, арлы-арсыз сынды қарама-қарсы ұғымдарды қолданудың негізі халықтың өткені мен бүгінін суреттейтіні сөзсіз. Біздің пайымдауымызша, ақын салыстыру, шендестіру тәсілдерін қолдана отырып, халықтың намысын оятуды мақсат тұтты.

Фольклорлық кейіпкер Насреддинге байланысты ғибратты, өсиетке толы әзіл әңгімелердің желісі негізінде А. Байтұрсынұлының «Қожа Насреддиннің ақылы» деген әңгімесі жазылған. Түркі әлемінде Ходжа Насреддин аты танымал. Бұл есім халық ауыз әдебиетінде Қожанасыр есімімен келеді. Қожанасырдың дәл тауып сөйлейтін тапқырлығы, сөзге шешендігі, ділмарлығы талай аңыздарға тұздық болғаны белгілі. А.Байтұрсынұлы жазған мәтін жазба әдебиет деп берілгенімен, құрылымы, бейнелеу тәсілдері тұрғысынан анекдот пен нәзира дәстүрін еске түсіреді.

Қарапайым классикалық фольклорлық үлгі негізінде әңгіменің сюжеті баяндалған.
«Бір күні Қожа Насреддин жиылған жұртқа үгіт айтуға мінбеге шығып: «Азаматтар, мен сөйлейін деп тұрғаным ненің жайы білесіңдер ме?» [1, 99].
Дәл осы әрекет үш рет қайталанады. Мұндай үштік композиция шығыс хикаялары мен Қожанасыр жайлы анекдоттардың тұрақты құрылымына сәйкес. Жиылған жұртпен диалогы да ауызша әдебиет үлгілеріне сай. Ең соңындағы «Білмейтіндерің білетіндеріңнен сұраңдар, білетіндерің білмейтіндерге үйретіңдер» деген Қожанасыр сөзі Ахметтің ағартушылық идеясымен сабақтасып жатқанын да аңғара аламыз. «Қожа Насреддин ақылы» – А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмнің нақ бір айқын үлгісі.

ТАЛҚЫЛАУ

Ахметтану ғылымында еңбек етіп жүрген, Ахметтің өмірін, қайраткерлік жолын, шығармаларын, зерттеу еңбектерін, фольклорлық жинақтарын жан-жақты талдап, мақалаларын жинақтаған ғалымдардың іргелі зерттеулері мен кітаптары көп ұшырасады. Дегенмен, А.Байтұрсынұлының шығармаларындағы фольклоризмге қатысты еңбектер жоқтың қасы.

«Ахмет халық сөзін әдебиет пен ғылымның ортасына шығарды. Осы ісімен ол ауыз әдебиетін ұлттық рухани жүйенің өзегі ретінде қарастырды» [2]. С.Қасқабасов А.Байтұрсынұлының фольклоризмге әкелген жаңалығына назар аударды. Жанрлық логика, жанрлық деңгейдің үлгісі «Әдебиет танытқышта» теориялық жағынан көрінсе, «Қырық мысал», «Маса» жинақтарында өлеңдердің өрнегі арқылы анық көрініс береді. Яғни Ахмет туындыларындағы жанрлық фольклоризм ауыз әдебиетімен жай ғана ұқсастық емес, ол саналы түрде іске асырылған теориялық моделдің жалғасы іспетті.

Н. Жүсіпов пен М. Баратов Ахметтің фольклортанушылық қызметін сипаттай отырып, оны «қазақ фольклорын жинап, жариялаудағы, түсіндірмедегі пионер» деп атады [3]. Олар «Ер Сайын» мен «23 жоқтауда» А.Байтұрсынұлының редактор, жинақтаушы, түсіндірме беруші ретіндегі жұмысын егжей-тегжейлі көрсете отырып, Ахметті халық ауыз әдебиетін «асыл сөздің» қорын сақтаушы ретінде бағалаған. Біздің талдауымыз бойынша ол фольклорды

ISSN 2788-7979 (online)

жинақтаушы ғана емес, жаңа замандағы ұлттық сана мен Алаш идеясын жеткізу үшін өз шығармаларында мақсатты түрде қолданатынын көруге болады.

Фольклоризмнің жалпы теориясына назар аударатын болсақ, П. Себийо XIX ғасырда «фольклоризм» терминін енгізді. Терминнің өнер, мәдениеттегі әмбебаптылығын түсіндірді [4]. Фольклоризмді тек халық ауыз әдебиетіндегі мәтіндермен шектемей, кәсіби өнер, музыка, театр, бейнелеу өнері, тіпті тұрмыстық әдет-ғұрыптардағы *фольклорда қайта қолдану* құбылысы деп таныды. Сонымен, фольклоризм – фольклор мен кәсіби мәдениеттің түйіскен алаңы, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысу нүктесі. Дәл осы ой кейінгі әдебиеттану бойынша зерттеулер үшін маңызды бағдар болды десек артық емес. Осы тұрғыда фольклоризм дайын халықтық сюжет пен мотивті жай көшіріп алу емес, фольклорды жаңа мәдени-тарихи контексте шығармашылық тұрғыдан қайта құрастыру екені дәлелденбек. «Фольклоризм – мәтіндегі фольклорлық жанрлардың мотивтердің, образдар мен формулалардың болуы « [5]. Яғни, авторлық мәтін мен халықтық дәстүр арасындағы интертекстуалдық байланыс: мысалы, эпикалық жырдың композициялық үлгісінің романда қайталануы, жоқтау стилінің лирикада көрінуі, мақал-мәтелдер мен тұрақты формулалардың поэтикалық мәтінде жаңа міндет атқаруын маңызды болып отыр. М.К. Азадовский фольклоризмді «фольклорлық із» ретінде қарастыра отырып, әрбір фольклорлық іздің дәстүрмен байланыстылығын, оны қалай иемденгенін, қаншалықты өзгерткенін көрсетеді.

«Мәтінде фольклоризм образдық, мотивтік, сюжеттік-композициялық және стилистикалық қабаттарда қолданылады» [6]. Бұл зерттеу мақаласында кей авторлардың фольклорды образдық деңгейде (мысалы, мифологиялық кейіпкерлерді, символдық бейнелерді алу арқылы), енді біреулері – сюжеттік деңгейде (ертегі не аңыз желісін қайталау арқылы), үшіншілері – стильдік деңгейде (мақал-мәтел, қайталама, инверсия, формулалық үзінділерді пайдалану арқылы) енгізуі тұжырымдалған. Әрбір деңгейдің өзіндік логикасы мен қызметінің орнын ескере отырып, фольклоризмді бір ғана өлшем арқылы сипаттаудың жеткіліксіз екенін саралаймыз.

Осы еңбектерге сүйене отырып, нәтижесінде біз Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмді бес түрге бөліп қарастырдық: жанрлық, сюжеттік-мотивтік, стилистикалық, образдық-символдық, дүниетанымдық. Біздің пайдауымызша, Ахмет шығармаларындағы фольклоризмді талдау осындай көпқабатты деңгейде болғаны құба-құп. Оған басты себеп, фольклор элементтері поэтикадағы жанр, сюжет, образ, символ, стиль және тұтас дүниетанымды көрсететіне тікелей қатысты. Осы бағыттағы зерттеулермен салыстыра отырып, ұсынып отырған типологияның ішкі ұқсастығын байқадық. «Рухани жаңғыру контексіндегі фольклор – ұлттық таным-түсінік қалыптасатын руханилықтың өзегі болатын фундамент» [7]. Яғни фольклор тек көркем мәтіндер жиынтығы емес, белгілі бір этностың әлемді қалай қабылдайтынын, өткен мен бүгінді қалай байланыстыратынын айқындайтын тұтас құндылықтар жүйесі ретінде қарастырылып отыр. Осы көзқарас біздің дүниетанымдық фольклоризм деп бөліп көрсетіп отырған қабатымыздың теориялық негізін нақтылай түспек. Ахмет шығармаларындағы фольклорлық элементтер де дәл осындай рухани-мәдени «қапсырма» қызметін атқарып тұр.

«Халықтың дүние туралы көзқарасы көшпелі өмір салтына тікелей байланысты деп айтып өттік. Тіршілік-тынысымен үйлесім тапқан наным-сенімдер, салты, талғам-татымы сол көшпелі өмір салтының талабымен сараланған. Өнерінің тек-тамыры да дүниелік түсініктен бастау алып, нәрленіп, дамып отырғанын пайымдатады. Дүниелік көзқарасты қалыптастырған табиғат көріністері халықтық сенім, ырым, табыну сияқты сипаттары кісілік қасиеттерімен сабақтасып жатыр». [8]. Бұл Ахмет шығармаларындағы дүниетанымдық фольклоризм деп танығаң қабатпен сәйкес. Фольклортанушы ғалымдардың тұжырымын саралайтын болсақ, дүниетанымдық фольклоризм ұлттық танымды танытатын бірден-бір құрал екеніне көз жеткіздік. Ахметтің ел, жұрт, ар, намыс, ата-баба аруағы, жол сияқты ұғымдарды қарапайым моральдық ұстаным ретінде емес, көркемдік деңгейге көтеруі – фольклорлық концептосфераны Алаш кезеңінің тарихи жағдайына көшірудің ерекше үлгіс іспетті. Яғни, ол дәстүрлі халықтық дүниетанымды XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік

ISSN 2788-7979 (online)

ахуалмен сабақтастырып, фольклорлық құндылықтарды ұлттық жаңғыру, азаттық, ағартушылық идеяларын жеткізетін көркем-идеялық тетікке айналдырды.

Ғұрыптық фольклорға қатысты зерттеулер Ахмет жинаған 23 жоқтаудың құрылымын, поэтикалық дәрежесін саралауға көмектесті. «Ғұрыптық жырлар – елдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі мен отбасы құрылымы жайлы мол ақпарат беретін фольклорлық жанр. Бұл бағыттағы дереккөздердің бірі ретінде XX ғасырдың басында жарық көрген мерзімді басылым –«Айқап» журналының орны ерекше. Ғұрыптық фольклор мәселесін талдау бүгінгі күнге дейін өзекті. «Айқап» журналында жарық көрген отбасылық ғұрыптық фольклор материалдары XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуына, жалпы қоғамдық ой пікірдің өзгеруіне әсер ете алды » [9]. Ғұрыптық мәтіндер сол кездегі ахуалды айтып, сол ортада ғана сақталып қоймай, баспа формасында хатталып, ұлттың өшпес мұрасына айнала бастайды. Бұл контекст арқылы Ахмет Байтұрсынұлының «23 жоқтау» жинағы да заманына сай, терең дәстүрге сүйенген құбылыс ретінде бағаланатынын негіздейміз.

«Осы тұрғыда ақынның қазақ фольклорының дамуы мен жандануына қосқан үлесі көп. Мәшһүр Жүсіп халық ауыз әдебиетін тек қағаз жүзіне түсіріп қана қоймай, оларды болашақ ұрпақ үшін сақтап, байыта отырып, өзінің авторлық поэзиясында фольклорлық дәстүрді қолдана отырып, жаңа көркемдік форма мен образдар жасады» [10]. Авторлық жоқтауларда фольклорлық дәстүр мен жеке поэтикалық қолтаңба тоғысады. Өлеңнің формасы, формуласы, образдары әдебиеттен алынған, ал идеясы, миссиясы, тілі автордың азаматтық позиция тұрғысынан пайымдалады. Жоқтау, бір жағынан, ғұрыптық сөз ретінде марқұмға арналады, екінші жағынан, заман шындығына, елдің хал-күйіне айтылған азаматтық пікірге айналады. *Осы үлгі арқылы біз ғұрыптық фольклордың өз ішінде-ақ «фольклорлық-авторлық»* шекараның шартты екенін көре аламыз. Жанр тұрақты болғанмен, ал ішкі мазмұн әр авторда әрқалай.

Ахмет ұсынған 23 жоқтаудың құрылымын осыған ұқсас деп таныдық. Бұлай тануымызға не себеп? Алдымен Ахмет әртүрлі дәуірде айтылған жоқтауларды жинақтап, мәтін тұрғысынан реттеп, жүйелі корпус жасағанын айтамыз. Екіншіден, жариялау алдында әдеби өңдеуден өткізіп, орфографиясы мен синтаксистік құрылымын, лексикасын біріздендірген. Ахмет Байтұрсынұлын дәстүрлі ғұрып сөздерін жинақтаушы ғана емес, фольклор мәтінін жаңа тарихи контексте өңдеуші, редактор деп тануымызға болады. Зерттеулер нені көрсетеді? Жоқтаудың жанрлық белгілері (кіріспе қайғы, негізгі шағым, марқұмды мадақтау, соңғы тілек), образдық жүйесі (аққу, қыран, қара жер, қара бұлт, артыңда қалған ел-жұрт), стилистикалық ерекшеліктері (қайталама, параллелизм, қаратпа, эмоционалды риторика) сақтала отырып, XX ғасыр басындағы ұлттық ояну дәуірінің рухани жад кеңістігіне көшіретінін танытты. Жанрлық, образдық, стилистикалық фольклоризм осы тұрғыда авторлық дүниетаныммен тоғысып, жоқтаулар енді тек жеке адамның қазасына байланысты қайғы сөзі ретінде емес, тұтас ұлттық тарих пен ұжымдық рухани жадтың көрінісі ретінде оқылады. Бір жоқтауда нақты бір тұлғаның өмірі мен ерлігі айтылса да, Ахмет оларды тізбектей жарыққа шығару арқылы зиялылар галереясын, ұлт басынан өткен ауыр кезеңдердің хроникасын жасау арқылы мазмұнын байытты. Тұжырымдай келсек, «23 жоқтау» – бір жағынан, ғұрыптық фольклордың жанрлық канонын айқын көрсететін мәтіндер корпусы, екінші жағынан, Алаш дәуіріне дейінгі және сол кезеңдегі тарихи-рухани тағдырларды бір арнаға тоғыстырған дүниетанымдық фольклоризмнің маңызды көрінісі.

А.Байтұрсынұлы И. Крыловтан мысалдарды аудара отырып, әр мысалдың соңына қазақ қоғамының жай-күйіне сай мораль қосуының ерекше бағаға ие екенін «Қырық мысалға» қатысты зерттеулер дәлелдейді. Зерттеушілердің пікірінше, әр мысалдың соңында берген түйінді сөздер құрылымы жағынан мақал-мәтелдерге жақын. Қысқа, әрі нұсқа құрылған ритмикалық жолдар қанатты сөздерге айналатыны да рас. «Қырық мысалда» стилистикалық фольклоризм ғана емес, сюжеттік-мотивтік фольклоризм де бар екенін негіздей аламыз. Шығармаларадағы ұйқыдағы жұрт мотиві, өз мінін көрмеу мотиві – мысалдағы түйінді сөз ғана емес, Ахметтің Алаш дәуіріндегі қолданып отырған фольклорлық шешімі. Д.П. Ганмот

ISSN 2788-7979 (online)

Эзоп мысалдарындағы мақал-мәтелдерді талдай отырып, моральдық тұжырымдар құрылымы жағынан паремиялық формулаларға жақын болатынын, сондықтан оңай есте сақталып, мәтіннен бөлек қанатты сөзге айналатынын көрсетеді [11]. Сонымен қатар, зерттеушілердің ойынша Ахмет өлеңдерінде нақты фольклорға тән элементтер кездеспесе де соған тән сарын сезіліп тұратынын дәйектейді. Оның себебін ақынның терме мен зар заман поэзиясына тән арнау түрлері, қайталамалар, параллелизмді қолдануымен түсіндіріп көрсеткен. Ахмет шығармаларындағы стилистикалық фольклоризм мақал-мәтел, жеке формаларды қолдануда көрініс тапты. Сонымен қатар, тұтас мәтіндегі ритм, синтаксис, интонация арқылы стилистикалық фольклоризмнің өрнегі, сипаты ашылады.

Классикалық әдеби мәтіндер қазіргі жастар үшін мәдени мұраға апаратын көпір бола алатын арнайы жасалған мультимедиялық форматта халықтық сюжеттер мен символдар қайта жанданып жаңа контексте қызмет етеді [12]. Касемсарннің бұл тұжырымы фольклоризмнің яғни халық сюжеттерінің жандану үдерісі үлкен рөлге ие екенін айқындамақ. Ал И. Шандор венгрлік қолданбалы этнография үлгісінде фольклорлық формалардың мәдени саясат пен қазіргі қоғамда қайта құралатын «екәншә өмәрән» деп сипаттап, фольклоризмді дәстүрді жаңа жағдайда жобалау құралы ретінде түсіндірді [13]. Қазіргі фольклористикадағы зерттеулерге сүйенсек, Ахмет шығармаларындағы фольклоризм үлгісі жаңа бағыттағы зерттеулерге ыңғайлы. Қазақ фольклорының цифрлық корпусымен жұмыс жасайтын зерттеушілер мәтіндердегі образ, мотив, формулалар, символдарды оңай анықтауға болатынын алға тартуда. Оның басты себебі, ұйқы, түн, жол, ел-жұрт сынды ұғымдар өлең жолдарында статистикалық жағынан жиі қайталанып отырған. Осындай тың жұмыстар Ахмет шығармаларындағы фольклоризмнің типологиясын анықтап қана қоймай, цифрлық корпусты құруға негіз болмақ әрі салмақты зерттеуді қажет етпек.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, ұсынылған бес деңгейлі типология Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы фольклоризмді біржақты емес, көпқабатты құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Егер жанрлық және сюжеттік-мотивтік деңгейлер фольклордың сыртқы құрылымын танытса, образдық-символдық және стильдік-поэтикалық деңгейлер оның мәтін ішіндегі көркемдік механизмдерін көрсетеді. Ал дүниетанымдық деңгей автор поэтикасының ең терең негізін, яғни ұлттық құндылықтар мен рухани бағдарды айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет шығармаларындағы фольклоризмді тек көркемдік тәсіл ретінде емес, ұлттық ойлау моделінің поэтикалық жүйесі ретінде тануға болады.

Ахмет Байтұрсынұлына қатысты іргелі зерттеулердің дені ұлт ұстазы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, реформатор, әдебиеттанушы, Алаш қайраткері деп тануға бағытталған. Біз осы зерттеуімізде Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларында кездесетін, аса мән берілмей келген, фольклоризмдік сипатты тануға қатысты тұжырымдарды бекіттік. Зерттеуді тұжырымдай отырып, автордың туындылары көпдеңгейлі фольклоризмге құрылғанын айтамыз, автордың фольклорға негіздеп құрған поэзия мен прозасы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін сабақтастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Фольклоризм А. Байтұрсынұлы шығармаларында ауыз әдебиеті үлгілерінің негізінде белгілі бір парадигма құрайтынын, жүйеге түскенін танытты. «Маса», «Қырық мысал» жинақтарынан алынған шығармаларда фольклоримзнің сюжеттік, жанрлық, образды-символдық, дүниетанымдық деңгейлері көрініс берді. Әрбір мәтіннің белгілі бір фольклорлық үлгіні негіз етіп алатыны, яғни қысқа оқиғалар желісі, оның беретін ғибратты түйіні, халық дидактикасына сай мораль, мақал-мәтелге ұқсайтын афористика, осының барлығы «Қырық мысал» жинағындағы туындылардың фольклорлық негіздемесін танытты. «Маса» жинағында кездесетін публицистикалық өлеңдер, азаматтық лирикаға жататын шығармалар, шағын прозалық мәтіндердің бәрі дерлік қазақтың толғау-термесі, нәзира дәстүрімен астасқан, ақын шығармалары негізінде жазба поэзиялық туынды мен ауызша жырлардың арасындағы көпір салынды.

ISSN 2788-7979 (online)

А.Байтұрсынұлы ақындығының рөлі ерекше, оған себеп өз туындыларында замана бейнесін жеткізудің түрлі амал-тәсілдеріне назар аударды. Автор шығармаларындағы атап айтқанда, «Малшы мен маса», «Қожа Насреддиннің ақылы», «Оқуға шақыру» сынды өлеңдері фольклорлық сюжеттерді қазақ халқына тән бояумен беріп, мотивтерді жаңа мәнді еткені аңғарылды.

Ұлттың оянуы идеясы осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Алаш зиялысы Ахмет маса, малшы, жылан, ұйқы, түн образдарын фольклорлық сипатын сақтай отыра, алаш кезеңінің символдық сипатына айналдырды.

Ахмет Байтұрсынұлы өз өлеңдерінде стилистикалық өрнектердің, стилистикалық бояудың ерекшелігін әдебиетте кездесетін анафора, эпифора, градация, параллелизм, риторикалық сұрақтар сынды айшықтау тәсілдері арқылы өткен заман өрнегі саналатын батырлар жыры мен жыраулар жазған толғаулардың үлгісін қолдана отырып, қазақ өлеңіндегі ырғақты жаңғыртты.

Ар, намыс, елдік, ата-баба аруағы сынды халық дәстүрін айқындайтын ұғымдардың тізбегі дүниетанымдық фольклоризмді аша отырып, автордың замана шындығын халық құндылықтары арқылы бағалайтынын, ағартушылық мұраты фольклорлық ойлау өресінде өрбитініне назар аудартты.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ фольклорын жинақтаған, теориялық тұрғыдан жүйелеген әдебиеттанушы, әрі шығармалары фольклоризмнен терең нәр алған, фольклорлық дәстүрді жаңғыртқан ақын. А.Байтұрсынұлы ұлы мұралары арқылы дәстүр мен жаңашылдықты сабақтастырған. Мақаладағы бес деңгейлі типология бойынша, Ахмет өлеңдеріндегі ішкі мазмұн мен сыртқы құрылыстың сипаты фольклорлық сарынның, сүбелі сөздің орнын айшықтады. Алаш дәуіріндегі өзге де қаламгерлердің (Міржақып, Мағжан, Мәшһүр Жүсіп т.б.) шығармаларын, А.Байтұрсынұлының өзге де туындалырын қазақ фольклорының цифрлық корпусымен салыстырып, образ, мотив сынды формула жиілігін сандық әдістер негізінде зерттеп-зерделеу ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы : Алаш, 2003. – 408 б.
2 Қасқабасов С. А., Кәріпбаев Ж. Т., Мырзабек А. Қ. Бүгінгі фольклортану және Ахмет Байтұрсынұлының ауыз әдебиетін саралау ұстанымдары // Вестн. Л. Н. Гумилёва ЕУН. Сер. филол. – 2023. – Т. 143. № 2. – С. 172–180. – DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-172-180
3 Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Ерланова А. Е. Ахмет Байтұрсынұлының фольклортанушылық еңбегі // Вестн. Торайгыров ун-та. Сер. филол. – 2024. – № 2. – С. 186–195. – DOI: https://doi.org/10.48081/TXBE9344
4 Себийо П. Народная словесность Франции : в 4 т. – М. : Наука, 1984–1988.
5 Азадовский М. К. История русской фольклористики. – М. : Учпедгиз, 1958. – 416 с.
6 Stepanova V. E., Manchurina L. E. Poetic Syntax as a Means of Writer's Idiostyle (by the example of S.S. Vasilyev-Borogonsky works) // 14th Session of Euro-Asian Law Congress «The Value of Law» (EAC-LAW 2021) : матер. Междунар. науч. конгресса, Ekaterinburg, Russia, 3–4 June 2021. – SHS Web of Conferences. – 2022. – Vol. 134. – Art. 00036. – DOI: https://doi.org/10.1051/shsconf/202213400036
7 Matyzhanov K. Kazakh Folklore – a Solid Foundation and Core of Spirituality // The Silk Road Countries' Folklore. – Tbilisi : CILS, Ilia State University, 2020. – P. 60–68. https://cils.openjournals.ge/index.php/cils/article/view/3922
8 Әміркұлова Ж. А. Этнофольклордағы философиялық ойдың табиғаты // Вестн. КазНУ. Сер. философии, культурологии и политологии. – 2016. – № 4(58). – С. 30–36.
9 Макатова А.А., Әбсадық А.А. Ғұрыптық фольклордың жариялануы («Айқап» мерзімдік журналы бойынша). - Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы.Филология Сериясы. – 2025. - №3. – 260- 272. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp260-272

ISSN 2788-7979 (online)
10 Талипова А.Ф., Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің авторлық жоқтау туындыларындағы фольклорлық дәстүр көрінісі // Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы.Филология Сериясы. – 2025. – № 3. – 298-311. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp298-311
11 Ganmote D. P. Proverbs in Fables // Language in India. – 2024. – Vol. 24. № 4. – C. 164–191. https://www.researchgate.net/publication/383038301_Proverbs_in_Fables_II
12 Kasemsarn K. Applying Classic Literature to Facilitate Cultural Heritage Tourism for Youth through Multimedia E-Book // Heritage. – 2024. – Vol. 7. № 9. – P. 5148–5173. – DOI: https://doi.org/10.3390/heritage7090243
13 Sándor I. The Folk Art Revival and Applied Ethnography in the Hungarian Heritage House // Acta Ethnographica Hungarica. – 2021. – Vol. 66. № 2. – P. 343–355. – DOI: https://doi.org/10.1556/022.2021.00030

Материал 29.03.2026 баспаға түсті

Типология фольклоризма в произведениях Ахмета Байтурсынулы

*Б.П. Нарбек[1], Г.С.Сагынадин[2]
[1]Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау,020000, Казахстан
[2] Евразийский университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Казахстан

В статье рассматривается типология фольклоризма в произведениях Ахмета Байтурсынулы. В качестве материала исследования взяты сборники «Қырық мысал», «Маса», а также тексты «Қожа Насреддин ақылы», «Малшы мен маса», «Оқуға шақыру», «Қазақ қалпы». Цель исследования – определить, что фольклоризм в творчестве Ахмета проявляется не как случайное присутствие отдельных народных элементов, а как целостная художественная система. В работе использованы сравнительно-типологический, интертекстуальный, структурно-семиотический и герменевтический методы. В результате анализа выделены пять типов фольклоризма: жанровый, сюжетно-мотивный, образно-символический, стилистико-поэтический и мировоззренческий. На жанровом уровне доказано, что «Қырық мысал» опирается на модель народной дидактической басни и назидательного рассказа, а «Маса» – на традиции толғау, терме и назидательной поэзии. На сюжетно-мотивном уровне показано, что такие фольклорные мотивы, как спящий народ, скрытая угроза, труд и лень, взаимоотношения знающего и невежественного, соотносятся с идеей национального пробуждения. На образно-символическом уровне выявлено, что образы масы, пастуха, змеи, гуся, сна, ночи, пути, народа превращаются в художественные символы эпохи Алаш. Стилистико-поэтический анализ показал связь анафоры, эпифоры, параллелизма, повторов и градации с традицией устного жырового исполнения. В итоге делается вывод, что фольклоризм в произведениях Ахмета Байтурсынулы представляет собой многослойную систему, соединяющую национальное мировоззрение и художественную поэтику.

Ключевые слова: фольклоризм, жанр, ахметоведение, типология, устная литература.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Байтурсынулы А. Пятитомное собрание сочинений. Т. 1. – Алматы : Алаш, 2003. – 408 с.
2 Каскабасов С. А., Карипбаев Ж. Т., Мырзабек А. К. Современное казахстанское фольклороведение и принципы классификации устного народного творчества у Ахмета Байтурсынулы // Вестник Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. Филологическая серия. – 2023. – Т. 143. № 2. – С. 172–180. – DOI: 10.32523/2616-678X-2023-143-2-172-180.

ISSN 2788-7979 (online)
3 Жусипов Н. К., Баратова М. Н., Ерланова А. Е. Фольклористическая деятельность Ахмета Байтурсынулы // Вестник университета Торайгырова. Филологическая серия. – 2024. – № 2. – С. 186–195. – DOI: 10.48081/ZWGZ2231
4 Себийо П. Народная словесность Франции : в 4 т. – М. : Наука, 1984–1988.
5 Азадовский М. К. История русской фольклористики. – М. : Учпедгиз, 1958. – 416 с.
6 Stepanova V. E., Manchurina L. E. Poetic Syntax as a Means of Writer's Idiostyle (by the example of S.S. Vasilyev-Borogonsky works) // 14th Session of Euro-Asian Law Congress «The Value of Law» (EAC-LAW 2021) : матер. Междунар. науч. конгресса, Ekaterinburg, Russia, 3–4 June 2021. – SHS Web of Conferences. – 2022. – Vol. 134. – Art. 00036. – DOI: 10.1051/shsconf/202213400036.
7 Matyzhanov K. Kazakh Folklore – a Solid Foundation and Core of Spirituality // The Silk Road Countries' Folklore. – Tbilisi : CILS, Ilia State University, 2020. – P. 60–68.
8 Амиркулова Ж. А. Природа философской мысли в этнофольклоре // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2016. – № 4(58). – С. 30–36.
9 Макатова А. А., Абсадык А. А. Публикация ритуального фольклора (по журналу «Айқап») // Вестник Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова. Серия «Филология». – 2025. – № 3. – С. 260–272. – https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp260-272
10 Талипова А. Ф., Жусипов Н. К. Проявление фольклорной традиции в авторских произведениях поминальной лирики Машхура Жусипа Копеева // Вестник Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова. Серия «Филология». – 2025. – № 3. – С. 298–311. – https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp298-311
11 Ganmote D. P. Proverbs in Fables // Language in India. – 2024. – Vol. 24. № 4. – С. 164–191 (по PDF).
12 Kasemsarn K. Applying Classic Literature to Facilitate Cultural Heritage Tourism for Youth through Multimedia E-Book // Heritage. – 2024. – Vol. 7. № 9. – P. 5148–5173. – DOI: 10.3390/heritage7090243.
13 Sándor I. The Folk Art Revival and Applied Ethnography in the Hungarian Heritage House // Acta Ethnographica Hungarica. – 2021. – Vol. 66. № 2. – P. 343–355. – DOI: 10.1556/022.2021.00030.

Материал поступил в редакцию журнала 29.03.2026

The Typology of Folklorism in the Works of Akhmet Baitursynuly

*B. Narbek[1], G. Sagynadin[2]
[1]Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Kazakhstan
[2] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

This article examines the typology of folklorism in the works of Akhmet Baitursynuly. The research is based on the collections Qyryq Mysal and Masa, as well as the texts Qozha Nasreddin Aqyly, Malshy men Masa, Oqugha Shaqyru, and Qazaq Qalpy. The aim of the study is to demonstrate that folklorism in Akhmet Baitursynuly's works represents a coherent artistic system rather than a random use of individual folklore elements. The research employs comparative-typological, intertextual, structural-semiotic, and hermeneutic methods to identify the main forms of folklore representation in the author's literary heritage.

The analysis reveals five types of folklorism: genre-based, plot-motif, figurative-symbolic, stylistic-poetic, and worldview-based. At the genre level, Qyryq Mysal is shown to rely on the traditions of folk didactic fables and instructive narratives, while Masa reflects the influence of tolghau, terme, and didactic poetry. At the plot-motif level, folklore motifs such as the sleeping people, hidden danger, labor and laziness, and the relationship between the knowledgeable and the ignorant are associated with the idea of national awakening. The figurative-symbolic analysis demonstrates that the images of the mosquito, shepherd, snake, goose, sleep, night, road, and people function as artistic symbols of the Alash era. The stylistic-poetic analysis reveals the active use of anaphora, epiphora, parallelism, repetition, and gradation, reflecting the traditions of oral poetic performance.

ISSN 2788-7979 (online)

The study concludes that folklorism in Akhmet Baitursynuly's works constitutes a multilayered artistic system that integrates national worldview and literary poetics.

Key words: folklorism, genre, Baitursynuly studies, typology, oral literature.

REFERENCES

1 Baitursynuly, A. (2003). *Bes tomdyk shyǵarmalar zhinagy*. 1-tom. [Collected works in five volumes. Vol. 1] Almaty.
2 Kaskabassov, S. A., Karipbaev, Zh. T., Myrzabek, A. K. (2023**)** *Bugingi fol'klortanu zhane Akhmet Baitursynulynyn auyz adebietin saralau ustandymdary* [Contemporary folklore studies and Akhmet Baitursynuly's principles of classifying oral literature], *Vestnik L. N. Gumileva Evraziiskogo natsional'nogo universiteta. Seriia filologicheskaia* [Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series], 143 (2), 172–180. [in Kazakh]
3 Zhussipov, N. K., Baratova, M. N., Erlanova, A. E. (2024) *Akhmet Baitursynulynyn fol'klortanushylyq enbegi* [Akhmet Baitursynuly's contribution to folklore studies], *Vestnik Toraigyrov universiteta. Seriia filologicheskaia* [Bulletin of Toraighyrov University. Philology Series], 0 (2), 186–195. [in Kazakh].
4 Sébillot P. *Narodnaia slovesnost' Frantsii* : v 4 t.[Folk literature of France: in 4 volumes]– M. : Nauka, 1988.
5 Azadovskii, M.K. (1958) *Istoriia russkoi fol'kloristiki* [History of Russian folklore studies] – M. : Uchpedgiz, 1958. – 416 s.
6 Stepanova, V. E., Manchurina, L. E. (2022) *Poetic Syntax as a Means of Writer's Idiostyle* (by the example of S. S. Vasilyev-Borogonsky works)// 14th Session of Euro-Asian Law Congress «The Value of Law» (EAC-LAW 2021) : mater. mezhdunar. nauch. kongressa, Ekaterinburg, Russia, 3–4 June 2021. – SHS Web of Conferences.– Vol. 134. – Art. 00036. – DOI: 10.1051/shsconf/202213400036.
7 Matyzhanov, K.(2020) *Kazakh Folklore – a Solid Foundation and Core of Spirituality* // The Silk Road Countries' Folklore. – Tbilisi : CILS, Ilia State University. – P. 60–68.
8 Amirkulova, Zh. A. (2016) Etnofol′klordagy filosofiialyq oidyn tabiǵaty [The nature of philosophical thought in ethno-folklore],*Vestnik KazNU. Seriia filosofii, kul'turologii i politologii* [Bulletin of KazNU. Series of Philosophy, Cultural Studies and Political Science], 0 (4(58)), 30–36. [in Kazakh]
9 Makhatova, A. (2025) *Publikatsiia ritual'nogo fol'klora (po periodicheskomu zhurnalu «Aĭkap»)* [Publication of ritual folklore (based on the periodical journal "Aikap")], *Vestnik Kokshetauskogo universiteta imeni Sh. Ualikhanova. Seriia filologicheskaia* [Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University. Philology Series]. [in Russian]
10 Talipova, A. S., Zhussipov, N. K.(2025) *Otrazhenie fol'klornoĭ traditsii v avtorskikh proizvedeniiakh pominal'noĭ liriki Mashkhura Zhusupa* [Reflection of folklore tradition in the author's memorial lyrics of Mashkhur Zhusup], *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series*, 0 (3),. [in Russian]
11 Ganmote, D.P. (2024), '*Proverbs in Fables', Language in India*, 24(4), pp. 164–191.
12 Kasemsarn, K. (2024), *'Applying Classic Literature to Facilitate Cultural Heritage Tourism for Youth through Multimedia E-Book'*, Heritage, 7(9), pp. 5148–5173, doi:10.3390/heritage7090243.
13 Sándor, I. (2021), *'The Folk Art Revival and Applied Ethnography in the Hungarian Heritage House', Acta Ethnographica Hungarica*, 66(2), pp. 343–355, doi:10.1556/022.2021.00030.

Received: 29.03.2026